

2024 жылғы қаңтар-ақпандағы химия өнеркәсібі

2024 жылғы қаңтар-ақпанда химия саласы өндірісінің көлемі құндық мәнде 155,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен 3,1%-ға жоғары.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 52,9%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 16,5%, бояғыштар мен пигменттер – 7,2%, өзге де химиялық өнімдер – 4,9%, бастапқы нысандағы пластмассалар – 4,5%, өзге де негізгі органикалық заттар – 4,2%, өнеркәсіптік газдар – 4%, пестицидтер және басқа агрохимия – 3,1%, ЛБМ – 1,9% құрайды.

Нақты көлем индексі 125,3% құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және онымен байланысты салаларда тұтынушылық сұраныстың артуы болып табылады. Өндіріс көлемінің табиғи мәндегі ең үлкен өсімін мынадай тауарлар көрсетеді: - хром триоксиді (+40,7%), натрий бихроматы (+32,2%), хром оксиді (+20,1%), фосфор (+55,8%), сырлау толтырғыштары (+57,7%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+1,6%), фосфор тыңайтқыштары (+20,9%), азот тыңайтқыштары (+2,7%), бастапқы нысандағы полиуретандар (+23,3%), бастапқы нысандағы стирол полимерлері (+15,1%), гипохлориттер (+10,2%), жуғыш заттар (+5,8%), полимер негізіндегі бояулар мен лактар (+2,9%), бұл химия өнеркәсібінде, металлургияда, құрылыста, ауыл шаруашылығы мен коммуналдық шаруашылықтарда және т.б. салаларда тұтынушылық сұраныстың жоғарылауымен байланысты.

2024 жылғы қаңтарда химиялық өнімдер экспортының көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда құндық мәнде 19,6%-ға төмендеп, 109,7 млн. АҚШ долларын құрады. Экспорттың негізгі елдері – **Ресей (30,9%), Польша (8,1%), Марокко (7,4%), Өзбекстан (+7,2%), Үндістан (4,5%).**

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **2024 жылғы қаңтардағы импорты 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда құндық мәнде 265,4 млн. АҚШ долларына дейін 26%-ға төмендеді.** Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (36,2%), Қытай (13,3%), Германия (8,0%).**

Химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі 2024 жылғы қаңтарда 332,4 млн. АҚШ долларын (150,0 млрд. теңге) құрады,** бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 13,6%-ға төмен. Айта кетерлігі, өндірістің өсуіне (+8,9%) қарамастан, экспорт (-26%) және импорт (-19,6%) көлемдерінің төмендегені байқалады, бұл әлемдік нарықтағы тыныштықпен байланысты. **ОТӨ үлесі 13,4 п. т. өсіп, 20,2% құрады.** Импорттық өнімнің үлесі 79,8% құрады.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда ең көп өндірілетін химиялық өнім түрлерінің көлемі мынадай облыстарда байқалады: Жамбыл (27,2%), ШҚО (21,9%), Ақтөбе (9,4%), Қарағанды (9,1%), Маңғыстау (6,5%).